Жастардың дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді.

Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене тәрбиесі саласында ырық, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Мейлінше, күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану.

Дұрысында дененің дұрыс қалыптасуы үшін күнделікті жаттығуларды неден бастап, қалай аяқтау керек екендігін білген абзал. Адамның қимыл-әрекеті танертең ұйқыдан оянудан басталады. Қимыл қозғалыстың алғашқы бастамасы - танертеңгі бой жазу жаттығулары.

Ең әуелі жүруден бастаудың мәні қан айналу процесі мен ішкі мүшелерді тиісті жүктемеге даярлайды. 5-10 минут жүгіріп, одан кейін керіліп созылу жаттығуларын орындайды. Кеудені кері дем алу, иық, кеуде және белді қозғау жаттығуларын орындап, оларды біртіндеп күрделендіре береді. Осындай дене тәрбиесі жүйесінде



спортпен шұғылданып, болашақта жоғары көрсеткіштерге жету үшін табиғи орта қажет. Табиғи орта дегеніміз өзімізге жақсы таныс ауа, су және күн сәулесі. Мұндай табиғи ортаны жүйелі түрде пайдаланудың денсаулық үшін маңызы зор.

Сондай-ақ, әр түрлі аурулардың алдын алу үшін де организмді үнемі шынықтырып отыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеі және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарлатады.

Дененің саулығы - жаныңның саулығы екенін ұғынып, салауатты өмір салтын ұстанып, күнделікті спортпен шұғылданып жүрейік!

А.ИБРАШЕВ,
Кызылорда қалалық санитариялық -
эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының Қызметті жоспарлау
және талдау бөлімінің бас маманы.

«БЖЗҚ» АҚ-ДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМІ: ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ, ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК

Зейнетақы жинақтарының кесте бойынша төлеміне кімдер құқылы?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-дан (бұдан әрі - Қор, БЖЗҚ) белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған (ерлер - 63 жас, әйелдер-61 жас), сондай-ақ 1 немесе 2 топ мүгедектігі мерзімсіз уақытқа белгіленген, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Кесте бойынша төлемдер қалай есептеледі?

Кесте бойынша берілетін төлемдер былай есептеледі: зейнетақы төлемін ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайтып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - ЕТК) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылы ЕТК деңгейі - 46 228 теңге).

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде алпыс ай міндетті қесіпті зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемеді ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жасалған күндегі зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына арналған белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса (2025 жылы 753 252 теңге = 62 771x12), төлем бір рет бірақ беріледі.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін алу үшін қайда және қашан жүгінуге болады?

БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуға байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақыттылы жүгінуге қажет. Мұны зейнет жасына толғанға дейінгі 10 күн бұрын жасау керек. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте өтініш берілген күн болып, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-да тіркелген күні есептеледі. Егер алушы зейнет жасына толғанға дейін, ертерек жүгінген болса - зейнет жасына толған күн өтініш берілген күн болып есептеледі. Әсіресе, бюджеттен төлемдер алу үшін уақыттылы жүгінген аса маңызды, себебі оны тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар негізінде еңбек өтілі тексеру қажет.

Бұған қоса, телефон нөмірлері egov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге (әлеуметті алушыларға) зейнет жасына толғанға дейін 2 ай қалғанда 1414 нөмірінен зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі қызметтерді алу үшін Мемлекеттік корпорацияның жақын жердегі бөлімшесіне уақыттылы жүгінуге мүмкіндігі туралы SMS-хабарлама жіберілетініне назар аударамыз. Онда egov.kz сайтындағы қажетті құжаттар тізіміне сілтеме беріледі. Яғни, мемлекеттік органдар зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде ресімдеу үшін тиісті хабарламалар жібереді. Себебі, өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша проактивті қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, осындай азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығын жыл сайын салыстырып, тексеру жұмыстарын жүргізеді. Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде оларға зейнетақы төлемдерін өтінішсіз-ақ аударылады.

Мерзімсіз уақытқа бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты төлем алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып БЖЗҚ сайтындағы (epf.kz) немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгінуге қажет.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін барып көрсетілетін қызмет ұйымдастырылғанына назар аударыңыз. Бұл ретте алдын ала кенес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқандай шықпай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүргізіледі.

Атап кеткен жөн, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

epf.kz сайтындағы «Қызметтер - Зейнетақы төлемдері - Кесте бойынша төлемдер» бөлімінде зейнетақы төлемдері, оларды беру тәсіліне, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарға, өтініш бланкілеріне және оларды толтыру ұлттарына, сенімхат үлгісіне байланысты қажетті құжаттардың тізбесі орналастырылған. «Онлайн қызметтер» бөлімінде БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдеріне жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеру мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), epf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

КАК МУСОР СТАЛ ГЛАВНОЙ УГРОЗОЙ ДЛЯ ОСВОЕНИЯ КОСМОСА?

Европейское космическое агентство (ЕКА) опубликовало ежегодный доклад о состоянии космической среды - и его выводы вызывают тревогу, передает агентство Kazinform.

Согласно докладу, количество мусора на орбите продолжает расти, увеличивая риски для действующих спутников и будущих миссий.

Что происходит на орбите?

С начала космической эры в 1957 году число объектов на орбите неуклонно увеличивается. По данным ЕКА, на сегодняшний день вокруг Земли вращается более 39 000 каталогизированных объектов, включая спутники, корпуса ракет и обломки. Но это лишь верхушка айсберга. Согласно моделям ЕКА, в космосе находится:

- 54 000 объектов размером более 10 см (включая около 9300 активных полезных грузов),
- 1,2 миллиона объектов размером от 1 до 10 см,
- 130 миллионов объектов размером от 1 мм до 1 см.

Особую угрозу представляют столкновения и взрывы старых спутников и корпусов ракет. Только в 2024 году произошло несколько крупных инцидентов, в результате которых образовались тысячи новых фрагментов. Так, 6 августа ступень ракеты массой 6 000 кг на низкой околоземной орбите распалась на 663 каталогизированных фрагмента - причиной названы «проблемы с двигательной установкой». А 19 октября спутник массой 2 946 кг на геостационарной орбите оставил после себя 1 104 отселяющиеся фрагмента мусора.



Это опасно, поскольку остается риск столкновений: даже маленький фрагмент может вывести спутник из строя. А цепная реакция таких столкновений - так называемый эффект Кesslera - может сделать низкую околоземную орбиту непригодной для использования. Кроме того, увеличение объема мусора усложняет новые запуски и повышает расходы на защиту космических аппаратов.

Как решают проблему?

Чтобы справиться с этой проблемой, ЕКА и другие космические агентства внедряют меры по сокращению мусора. По новым стандартам ЕКА, спутники должны покидать орбиту в течение пяти лет после завершения своей миссии - ранее этот срок составлял 25 лет. Все чаще ступени ракет и спутники целенаправленно выводятся с орбиты. Также разрабатываются технологии активного удаления мусора из космоса.

Если ситуация не улучшится, количество мусора будет расти даже без новых запусков. По прогнозам ЕКА, за следующие 100 лет может произойти до 800 катастрофических столкновений.

Даже в случае полного прекращения запусков на орбиту ожидается, что столкновения между уже существующими объектами космического мусора приведут к дальнейшему росту количества космического мусора в низкой околоземной орбите, - говорится в докладе.

По материалам М.Гумаровой, inform.kz, фото: Freepik.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

ОБЪЯВЛЕНИЯ

29.05.2025 жылы "РУ-6" ЖШС «Қызылорда облысының Шиелі және Жанақорған аудандарында орналасқан "Оңтүстік Карамурун" кен орнында Сырдария және Қалғандария өзенінің жайылмасында су тасқынына қарсы бөгет салу» жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтеді:

1. Сағат 11.00-де Шиелі ауданы, Ақмая ауылы, Қунабаев көш. 58 ғимаратында
2. Сағат 15.00-де Жанақорған ауданы, Томенарық ауылы, Аралбаев көш. 95 ғимаратында

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары - Бірінші бөгеттің басталуы: Широта-43°57'33.51"С; Долгота- 66°50'28.07"В. Бірінші бөгеттің соңы: Широта- 43°59'40.34"С; Долгота- 66°49'53.50"В. Екінші бөгеттің басталуы: Широта-43°59'45.51"С; Долгота- 66°49'51.57"В. 3 бөгет: Широта-43°58'42.90"С; Долгота- 66°50'6.22"В

ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы:
<https://us05web.zoom.us/j/8076626849?pwd=aHYuelBkbndJM2lnV0tDjdjZ3FwZD09&omn=89792238436>

Конференция идентификаторы: 807 662 6849. Коды: 8mfrXh
Бастамашы: «РУ-6» ЖШС, БИН 060440002000, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Байтерек а.о., Бидайкөл а., Бидайкөл тоғайлы, 3, Тел: 8 (724 32) 7-94 -05

Әзірлеушілер: «Шындау» ЖШС, БИН 061040005093, Атырау қ. Махамбет а.о., 116Г, тел:8(7122) 31-59-59, e-mail: info@shyndau.kz

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=kz>

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: info@shyndau.kz, 8(7122) 31-59-59. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысы бойынша экология департаменті, kyzylorda-ecoder@ecogeo.gov.kz, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 124, тел: 8-(7242)-23-00-19

ЖАО электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)60-53-62

29.05.2025 года ТОО «РУ-6» проводит общественные слушания в формате открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к проекту «Строительство противопаводковой дамбы в пойме реки Сырдария и Калғандария на месторождении «Ожний Карамурун», расположенном в Шиелинском и Жанақорғанском районах Кызылординской области»:

1. В 11:00 часов по адресу Шиелинский район, с.Ақмая, ул. Қунабаева, 58.

2. В 15:00 часов по адресу Жанақорғанский района, с.Томенарық, ул. Аралбаева, 95.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия - Начало первой дамбы: Широта-43°57'33.51"С; Долгота- 66°50'28.07"В. Конец первой дамбы: Широта- 43°59'40.34"С; Долгота- 66°49'53.50"В. Начало второй дамбы: Широта-43°59'45.51"С; Долгота- 66°49'51.57"В. 3 дамба: Широта-43°58'42.90"С; Долгота- 66°50'6.22"В.

Ссылка на видеоконференцию-связь на платформе ZOOM:
Подключиться к конференции Zoom
<https://us05web.zoom.us/j/8076626849?pwd=aHYuelBkbndJM2lnV0tDjdjZ3FwZD09&omn=89792238436>

Идентификатор конференции: 807 662 6849. Код доступа: 8mfrXh
Инициатор: ТОО «РУ-6», БИН 060440002000, Кызылординская область, Шиелинский район, с.о. Байтерек, с.Бидайкөл, урочище Бидайкөл, строение 3, Тел: 8 (724 32) 7-94 -05

Разработчики: ТОО «Шындау», г.Атырау ул. Махамбет, 116Г, БИН 061 040 005 093, тел:8(7122) 31-59-59, e-mail: info@shyndau.kz

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намеряемой деятельности: info@shyndau.kz, 8(7122) 31-59-59. Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Электронный и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Кызылординской области: kyzylorda-ecoder@ecogeo.gov.kz, г.Кызылорда, улица Желтоқсан, №124, тел: 8-(7242)-23-00-19

Электронный и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

"Қазгермұнай" БК" ЖШС-і 2025 жылдың 29 мамырында сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі 8 мекен-жайында: Қоршаған ортаны қорғау (КОК) бойынша Бөлімдермен жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасын түзету 2025 жылға арналған құрылыс жобаларына, рұқсат етілген төгінділер нормативтерінің жобасы (ТНЖ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ППМ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ЭББ) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwXLoAIVzaVml8Aml0GgZ3SsYBO.1>

Жеке конференция идентификаторы: 546 061 9818

Кіру коды: 123456

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Қазгермұнай" БК" ЖШС-і, ЖСН 940240000021, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, 100. Байланыс телефоны: тел: +7(777)7344254 Қожахметов А.М.

e-mail: akozhakhmetov@kgm.kz.

Жобаны әзірлеуші: «Сыр-Арал сараптама» ЖШС, ЖСН 101140013315 Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 120, 8 (7242)230306, e-mail: sa-saraptama@mail.ru.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ecportal.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Жоба туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.87776629907.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8- (7242) -60-53-62.

ТОО «СП «Казгермұнай» сообщает, что 29 мая 2025 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос.Теренөзек, ул. Қонаева 8 проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) с разделами по охране окружающей среды (РООС) по проектам строительства на 2025 год, проект Нормативов допустимых сбросов (НДС), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ), программа производственного экологического контроля (ПЭК). Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwXLoAIVzaVml8Aml0GgZ3SsYBO.1>

Идентификатор конференции: 546 061 9818.

Код доступа: 123456

Инициатор намеряемой деятельности:

ТОО СП «Казгермұнай» БИН 940240000021, г.Кызылорда, пос.Тасбөгет, ул.Амангелды, 100,

тел. +7(777)7344254, e-mail: akozhakhmetov@kgm.kz.

Разработчик проекта: ТОО «Сыр-Арал Сараптама», БИН 101140013315, г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, 8(7242)230306, e-mail: sa-saraptama@mail.ru.

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ecportal.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительные сведения о намеряемой деятельности: e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.87776629907.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

БЖЗҚ ТУРАЛЫ
ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

Зейнетақы капиталыңызды ЕЗЖ есебінен қалай көбейтуге болады?

1) Ерікті зейнетақы жарналарын қалай аударсам болады? Оны жұмыс беруші аударма ала ма?

Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аударма алады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен жеке бас пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аударма алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) көрсетілген тұлғаның пайдасына аударылады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ – шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есебі жүргізілетін ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері;

- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

2) Айтыңызшы, ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдерді қашан және қалай алуға болады?

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алуға өтінішті БЖЗҚ-ға тапсыру қажет. Өтініш беру тәсілдері: eprf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне келіп жүзеге асыруға болады.

Барлық жарна түрлері есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын eprf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

БЖЗҚ сайтында оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған. Сондай-ақ, БЖЗҚ-ның "Төлем құжаттарын алдын ала тексеру" электрондық қызметін пайдалана отырып, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін жіберілетін құжаттардың алдын ала тексеруге болады.

"БЖЗҚ" АҚ салымшының ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудару туралы уақытылы шешім қабылдауы оған зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және болашақта жоғары төлемдер алуға септігін тиісетіндігін еске салады.

3) Ерікті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?

Зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинағы бар адам қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинағы Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Атап айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру өсиет немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған кезде немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда мұрагерлік заң күшіне енеді.

4) Ерікті зейнетақы жарналарының артықшылығы неде?

Азаматтар ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) өз қалауы бойынша төлейді, олардың мөлшері мен кезеңділігін дербес белгілейді. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін де алушы БЖЗҚ-ның зейнетақы ережелеріне сәйкес дербес айқындайды. Бұл жарналардың осы түрінің көп артықшылықтарының бірі ғана. Сондай-ақ, салық заңнамасында жеке тұлғаның ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен төлеген кезде төленетін сомаға салық шегерімі көзделген.

Жұмыс берушілерге келетін болсақ, олар да салықтық жеңілдіктерге ие болады. Мәселен, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеріледі. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салықтық жеңілдіктерге ие болады.

5) Ерікті зейнетақы жарналары инвестицияланады ма? Оларды инвестициялық портфельді басқарушыларға аударуға бола ма?

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десек те, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен тәуекелдің түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық көлемде сеніп тапсыруға болады.

Зейнетақы жинағының бір бөлігін ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі. Оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруге болады. Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны өзгертуге болады, бірақ мұндай мүмкіндік жылына бір рет қана беріледі. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу - ЕЗЖ-нің тағы бір артықшылығы.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

О ЗАЩИТЕ РАСТЕНИЙ ОТ ВРЕДИТЕЛЕЙ

В Кызылординской области широко распространены такие вредители, как калифорнийская щитовка и дынная муха, а также карантинные сорняки - осока и повилка. Об этом на брифинге в региональной Службе коммуникаций рассказал руководитель Кызылординской областной территориальной инспекции Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Мухтар Оразбаев.

По результатам проведенных исследований в 2025 году будет проведена обработка почвы на 97,5 га против дынной мухи, на 1750 га - против калифорнийской щитовки - 34,5 га против карантинных сорняков - 427,87 га.

Утвержден состав рабочей группы для организации и координации мероприятий по борьбе с вредными и особо опасными вредными организмами и карантинными объектами на территории области. Согласно дорожной карте, во время сезона будут мобилизованы четыре рабочие группы для организации и координации мероприятий по борьбе с саранчовыми вредителями по всему региону. В борьбе с саранчой в регионе будут задействованы 324 человека. В том числе 230 научных специалистов будут привлечены к сезонным работам за счет средств местного бюджета, - отметил спикер.

В настоящее время проводится весенний мониторинг зимующих личинок вредителя тли.

По материалам А.Жармановой, Kyzylorda-news.kz, фото из открытых источников.

В КЫЗЫЛОРДЕ ПРОШЛА
ЭКОАКЦИЯ
«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»


Жители Кызылординской области активно поддерживают экологическую акцию «Таза Қазақстан», реализуемую по инициативе Президента Касым-Жомарт Токаевым.

Вот и в минувшую субботу кызылординцы вышли на улицы областного центра для санитарной очистки и благоустройства родного города.

По информации акимата города, уборке территории приняли участие 1782 человека из 119 учреждений Кызылорды. Были очищены скверы, аллеи, дворы многоэтажных жилых домов. Всего собрано и вывезено 250 м3 мусора. Задействовано 42 единицы техники.

По материалам А.Жармановой, Kyzylorda-news.kz, фото: акимат Кызылорды.

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ



Бруцеллез - еңбекке деген қабілетті ұзақ уақытқа дейін жоғалтатын аса қауіпті ауру. Бруцеллез ауруы - жануар мен адамға ортақ жұқпалы дерттердің бірі. Бруцеллез тудырушы микробтар тобын бруцелла деп атайды. Бруцеллезбен барлық ауылшаруашылық малдары, соның ішінде әсіресе, қой, ешкі, ірі қара және шошқа түліктері көбірек ауырады. Бруцелла бактериясы суда - 3 айға дейін, мұз болып қатқан етте 10 айдан көп, сүтте 10-30 күн, топырақта 1,5-6 ай, брызна, май, сыр, айран өнімдерінде 10-3,4 ай, етте 12-47 күн, тұздалған теріде 2 ай, жүнде 2-3 ай сақталады. Бруцеллез қоздырғыштары ауру малдың етінен де, сүт өнімдерінен де жұға береді. Сондықтан сүтті тек қайнатылғаннан кейін ғана пайдалану қажет, шикі немесе шала піскен етті жеудің қатерлі екенін естен шығармау керек.

Ауру сырқаттың барлық мүшесіне зиянын тигізеді. Атап айтсақ, буындардың, жүрек-қан тамырларының, демалу және ас қорыту жүйелерінің, зәр шығару органдарының, орталық жүйке жүйесінің, лимфа түйіндерінің, көк бауырдың жұмысын нашарлатады, көз бен құлақтың көру және есту қабілеті төмендейді. Егер толық ем қабылданса, адамның мүгедек болып қалуы ықтимал.

Аурудың негізгі белгілері мыналар: дене қызуының ұзақ уақыт көтерілуі, қалтырап тону, бастың ауыруы, әсіресе, дененің түршігуі және қатты терлеу, әсіресе, түнге қарай бірнеше аптадан соң буындар ісініп, ауыра бастайды. Егерде осы айтылған белгілер сізді мазаласа, дәрігерлік көмекке жүгінгені дұрыс. Бруцеллез ауруының ең қатерлі, көп тараптын мәзілі көктемгі мал төлдету мен қой қырку кезеңі. Осы науқандар кезінде әсіресе, сақтық шараларын қатаң орындап, мал шаруашылығына араласатын адамдарды арнаулы киімдер мен резеңке қолғап, етік және тағы басқа керекті жабдықтармен қамтамасыз ету керек.

Жұмыстан кейін қолды бірнеше рет сабындап жуу, түсік түскен жерді арнаулы дорімен дезинфекциялау, қолдағы ұсақ жаракаттарды уақытында емдеп, қолға арнаулы қолғап киіп жұмыс істеу-осының бәрі адамның жеке басының бруцеллез ауруынан сақтану шаралары болып табылады.

- Аурудың жұғуының алдын алу үшін:
 - ауру жануарды уақытында анықтау және оқшаулау;
 - жануарға күтім жасағанда арнайы киімді (халат, клеенкалы алжапқыш, резіңке етік және қолғапты) қолдану;
 - жан-жануарларға күтім жасау ережелерін сақтау;
 - арнайы ертілдімен жануар тұратын жерді зақымсыздандыру;
 - қауіпті топқа жататын адамдар (сауыншылар, малшылар, ет комбинатының қызметкерлері) үшін бруцеллезге қарсы екіге қолдану;
 - жүйелі профилактикалық тексеруден кемінде жылына 1 рет өту;
 - жануарларға күтім жасайтын тұлғалар үшін жеке тазалық ережесін сақтау, сабынды ыстық сумен үнемі қолды жуу;
 - жаңа сауылған сүтті тұтынуға, тек қайнатылған немесе пастерленген сүтті тұтыну;
 - етті жылумен мұқият өңдеу қажет;
 - ілеспе құжаттары жоқ ет және сүт өнімдерін жабайы сауда орындарынан сатып алмау.

Сіз осы жоғарыда айтылған қарапайым талаптарды орындай отырып, өзіңізді, жаңаңызды бруцеллез ауруынан сақтай аласыз. « Ауырып ем іздегенде, ауырмайтын жол ізде » деген қағиданы ерек есте ұстағаныңыз жөн. Аурудың адамнан адамға емес, тек ауру малдан ғана жұғатынын есте ұстауыңыз керек.

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы.

ҚҰТЫРМА-ВИРУС АРҚЫЛЫ ТАРАЛАТЫН, ТЕЗ ӨРБИТІН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Бұл ауру адам баласына өте ерте заманнан таныс болғанымен әлі күнге дейін ауруды тудыратын қоздырғышқа тікелей әсер ететін емі жоқ қауіпті аурулардың қатарына жатады. Құтырманың вирусы қарым-қатынас арқылы, яғни ауру жануар тістеген, сілкейленген кезде беріледі. Құтырма ауруы адамнан адамға өте сирек беріледі. Адамдар тез арада арнайы ем



қабылдама, құтырмамен ауру жағдайлары 100% қайғылы жағдайға әкеліп соқтырады. Неғұрлым ерте жасалған ем соғұрлым нәтижелі болмақ. Құтырма белгілі бір мерзімді талғамайды, жылдың кез-келген уақытында кездеседі. Құтырмамен ауырған адамдарда аурудың жасырын кезеңі 7 күннен 1 жылға дейін созылады. Тістеген жер ауырып ысыды. Алқынып демалады, түрі жаңа ғана жылаған адам сияқты болады. Ауырсынып және қиналып жұтынады, аузының сілкейі қоюланып, желімдесе береді. Адамдарда ауру басталғанда алғашқы белгілері тістелген жердің қышуы, жазылған

жаракаттар мен тыртықтар қайтадан қабынуы болып табылады. Құтырмамен ауырған адам тұйық болады, адамдармен араласудан қашады, ұйқысы бұзылып, әлсіздік пайда болады. Аурудың бастапқы кезеңі өткеннен кейін дене қызуы көтеріледі, суды көргенде немесе есіне түсіргенде жұтынуудың бұзылуы мүмкін. Көп ұзамай аэрофобия, яғни ауаның кез келген қозғалысы, науқаста қылғиымен жалғастына ұстамаға әкеліп соғады, ондай жағдай жарық түскенде, қатты дыбыстанда болуы мүмкін. Ұстаманың соңында ауыздан көп мөлшерде сілкей бөлінеді. Адамды урей билейді, ашуланшақ келеді, құтырынып аласұрады, дене құрысып сал болып қалады.

Құтырмамен ауырған адамның 100% жағдайда өлім жағдайымен аяқталатынын ескерткіміз келеді. Егер сізге біреуді тістеген немесе қапқан жануар құтырған болуы мүмкін деген ой келсе желел түрде хирург дәрігеріне қаралу керек. Жаракаттанған жануардың несінің аты-жөні, мекен жайын білу керек. Қандай жағдайда да жануарды өлтіруге болмайды, себебі жаракаттанған жануарды мал дәрігеріне көрсетіп 10 тәулік бойы бақылау керек. Мал дәрігері сол жануардың денсаулығы жайлы анықтама беруі шарт. Тістеген жерді кір сабынның судағы ертілдісімен, ағынды судың көп мөлшерімен, сутегі асқын тотығымен жақсылап тазартып, жаракатты жаппай ашық қалдырыңыз.

Зардап шеккен адамды ауруханаға апарыңыз, сол жерде оған құтырмаға қарсы егу жұмыстары жүргізіледі. Егу жұмыстарын өз бетімен тоқтатпау немесе медицина қызметкерлері белгілеген тәртіпті (арак ішіп, ашық тағамдарды жеуге) бұзбау болмайды, мұндай жағдай орын алса жүргізілген емдік шаралардың пайдасы шамалы болып, тиімділігі төмендейді. Осы жайттарды алға қоя отырып халықты иттің тістеуінен, басқада жануарлардың тістеуінен, жабайы аңдардың сілемейленуінен сақтану жұруге және тістеген жағдайда дереу медициналық көмекке жүгінуге шақырамын.

К.ДУЙСЕНБИЕВА,

Жаңақорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының жетекші маманы.

ТЕК ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛЕМ: САТУШЫЛАРДЫҢ МҰНДАЙ ТАЛАПТАРЫ ЗАҢДЫ МА?

Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы жеке кәсіпкерлер өткізген тауарлары (көрсетілген қызметтері) үшін қолма-қол ақша төлеуді талап етіп, қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдаудан бас тарту жағдайлары кездесіп жатқаны хабарлайды. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдаудан бас тарту заңсыз болып табылады, себебі «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында әртүрлі төлем әдістері - банк картасы, QR төлемі немесе қолма-қол ақша қарастырылған (25-бап). Кәсіпкерлердің төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдаудан бас тартқаны үшін бірінші рет ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тарту, ал қайталан заң бұзғаны үшін 157 280 теңге (40 АЕК) мөлшерінде айыппұл салу көзделген (ҚР Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодексінің 194-бабы). Қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдаудан бас тарту фактілері анықталған жағдайда мемлекеттік кірістер органдарына хабарлауыңыз қажет (Сіз eОтпish арқылы міндетті растайтын құжаттар қосымшасы мен қолма-қол өтініш-шағым бере аласыз). Тауарларды сату немесе қызмет көрсету кезінде кәсіпкерлер де сатып алушыға фискалдық түбіртек беруге міндетті. Фискалдық түбіртектерді беруден бас тартқан жағдайда әкімшілік жауапкершілік көзделетінін хабарлайды.

Г.ЖАҚСЫБАЕВА,

Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.

ALLIANZ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ОРНЫ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Сақтандыру саласындағы Allianz жетекші компаниясы өзінің Allianz зейнетақы индексі (Индекс) пайдалана отырып, 71 елдің зейнетақы жүйесі талданған жаһандық зейнетақы есебінің жаңа басшылығын шығарды. Онда Қазақстан, Австрия, Испания, Чили, Сингапур, Гонконг, Қытай және басқа да көптеген елдерден озып, 26-орынға орналасты (2023 жылы Қазақстан Индекстегі 75 елдің ішінде 34-орынға не болған еді).

Allianz зейнетақы индексі (API) зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы мен тұтастығын кешенді бағалауға негізделген. Ол үш ішкі индекстен және 1-ден 7-ге дейінгі шәкіл бойынша бағаланған 40 түрлі өлшемнен тұрады, мұндағы 1 ең жақсы нәтижені білдіреді. Қазақстанның зейнетақы жүйесінің API индексі - 3,5 балл.

Демографиялық өзгерістердің қарқынды, мемлекеттік қарыздың және жалпы өмір сүру деңгейінің бағалайтын бірінші суб-индекс бойынша Қазақстанның жинаған ұпайы 4,1 балға жетті (2023 жылы - 3,5 балл). Бұл көрсеткіш БАӘ-де (2,3 балл), Австралияда (2,6 ұпай) және Израильде (2,9 ұпай) жоғары.

Зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын бағалайтын екінші суб-индекс бойынша Қазақстан 3,6 балл жинады (2023 жылы - 3,6 балл). Бұл суб-индекстегі ең жақсы нәтижелерді Индонезия, Дания және Болгария (2,1-ден 2,3-ке дейінгі ұпайлармен) негізнен зейнет жасын ұлғайту және олардың зейнетақы жүйелеріне қор құрамдауының енгізу арқылы қол жеткізді.

Зейнетақы жүйесінің қарттық кезеңде өмір сүрудің лайықты (жеткілікті) деңгейін қамтамасыз ете алатынын бағалайтын үшінші суб-индекс бойынша Қазақстандық зейнетақы жүйесі 3,2 балл (2023 жылы - 3,3 балл) жинады. Дания, Нидерланд және Жаңа Зеландия - осы рейтингтің көшбасшылары (ұпайлары 1,7-ден 2,0-ге дейін), олар зейнетақы жүйесінің екінші және үшінші деңгейлерінің мықты қор құрамдауына ие. Есепке сай, барлық талданған зейнетақы жүйелері бойынша орташа балл 3,7 болды. Allianz нұсқасы бойынша зейнетақы жүйесі ең жақсы ел - Дания. 2023 жылы да осы ел көпті бастаған еді, жинаған ұпай саны - 2,3. Екінші және үшінші орында - Нидерландты мен Швеция (2,6 балл), одан әрі Жаңа Зеландияны ығыстырып, 2,7 балл жинаған Жапония төртінші орынға жайғасты. Жаңа Зеландия 2,8 балл, Израиль - 3, Австралия, Ұлыбритания, Норвегия және АҚШ - 3,2 балл жинады.

Рейтингтегі ең төменгі орындарды Марокко, Үндістан, Лас, Малайзия, Шри-Ланка елдерінің зейнетақы жүйелері алады (4,5-тен 5 ұпайға дейін). Бұл елдерде халықты зейнетақы жүйесімен қамту мәселесі аса өткір болуы мүмкін, себебі - бейресми жұмыспен қамту басым. Есепте халықтың қартаюу мәселесіне ерекше назар аударылады. БҰҰ-ның соңғы болжамдарына сәйкес алдағы 25 жыл ішінде 65 және одан жоғары жастағы адамдардың саны 2 есеге жуық, яғни қазіргі 857 миллионнан 2050 жылы 1 578 миллионға дейін өсетіні анықталған. Бала туу деңгейінің төмендеуі еңбекке қабілетті жастағы халық санының өсуін бауалатын, ғасырдың ортасына қарай 15 пен 64 жас аралығындағы әрбір 100 адамға 65 жастан асқан 26 адам келетін болады. Ал қазіргі уақытта бұл көрсеткіш саны 16 адамға тең. Бүкіл жер шарының 75% құрап, талдауға түскен 71 елдегі туу деңгейі Гонконгтағы бір әйелге 0,7 баладан, Нигерияда 4,4 балаға дейін құбылып отырады. Бұл елдер, сондай-ақ, өмір сүру ұзақтығының да жоғары және төменгі шектерін көрсете алады. Гонконгта - орта есеппен 85,6 жыл болса, Нигерияда - 54,6 жыл. Зейнет жасындағы адамдардың еңбекке қабілетті жастағы 100 адамға шаққандағы санын көрсететін демографиялық жүктемесі коэффициентінің (ДЖК) көрсеткіштері әр елде әртүрлі. Индустриалдық жағандан дамыған елдердің көпшілігінде ДЖК-ның жаппы деңгейі алаңдаушылық тудыра, көптеген дамушы елдерде жылдам қартаюу қарқыны алаңдаушылыққа себеп болып отыр. Қартаюу қарқыны ең жылдам елдер - Гонконг, Оңтүстік Корея, Тайвань және Сауд Арабиясы. Десек те, 2050 жылы әлемдегі ең «қарі» 20 ел негізінен ЕО-ға мүше елдерден тұратын болады: Италия, Испания, Греция және Португалия елдерінде ДЖК 60% асады. Нигерия, Кения және Пәкістанда туу деңгейі әлі де жоғары, ал өмір сүру ұзақтығының салыстырмалы түрде төмен болуына орай, халқы ең жас мемлекеттер қатарында болады.

Allianz сарапшылары демографиялық өзгерістердің зейнетақы жүйесіне тигізетін кері әсерін азайтудың бір жолы - мемлекеттік зейнетақы жүйесін жинақтаушы құрамдаушымен толықтыру екенін атап көрсетті.

Есепте, сонымен қатар, зейнетақы жүйесінің негізгі мақсаты - қарттық шақтағы ұзақ өмір сүру мен келешік қауіпін қорғау, сондай-ақ қарттық лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету екендігі ескерілген. Сондықтан зейнетақы жүйелерін реформалау немесе қуру кезінде саясаткерлер олардың ұзақ мерзімді тұрақтылығына ғана емес, сонымен бірге олардың лайықтылығын да ескеруі керек. Егер мемлекеттік зейнетақы жүйелері қария шақтағы лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алмаса, онда салық салу жоспарында қосымша жеңілдіктер қарастырылып, мемлекет субсидия бөлетін зейнетақы өнімдері, қасиеті және жеке зейнетақы жоспарлары қолжетімді болуы тиіс. Зейнетақы жүйесінің лайықтылығы тұрғысынан реформалауды аз дәрежеде қажет ететін елдер - Дания, Нидерланд және Жаңа Зеландия. Бұл елдерде қазіргі өмірде қосымша қосымша жинақтау бағдарламалары мен жеке зейнетақымен қамсыздандыру зейнетақы жүйелерінің негізгі элементі болып табылады.

Зейнетақы жүйелерінің лайықтылығы, сондай-ақ, кірісті алмастыру коэффициентімен (КАК) де анықталады. Талдауға алынған елдердің мемлекеттік зейнетақы жүйелеріндегі орташа жалпы КАК 53% тең. Бұл ретте коэффициенттер Оңтүстік Африкада 8%-дан Бразилияда 88%-ға дейін өзгереді. Қазақстандағы КАК 2024 жылдың қорытындысы бойынша 41% көрсетті. Алайда, Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) зейнетақы реформаларына байланысты кейбір еуропалық мемлекеттердегі зейнетақы төлемдерінің деңгейі жарналарды 30 жыл бойына жүзеге асырғаннан кейін кірістің ұсынылып жүрген 40-45% ең төменгі деңгейінен де асау қауіпін бар екенін атап өтті. Бұл зейнетақы жүйелерінің қосымша жинақтаушы деңгейлерін шұғыл нығайту қажеттілігін растайды.

Allianz есебінде мемлекеттік зейнетақы жүйелері туу коэффициентінің төмендеуі және өмір сүру ұзақтығының артуы жағдайында демографиялық қиындықтарды жеңе ала ма деген сұрақ қойылған. Әртүрлі елдердің зейнетақы жүйелерін жан-жақты талдау нәтижесінде еңбекке қабілетті халықтың жарналары қазіргі зейнеткерлердің зейнетке қаржыландыруға пайдаланылатын "pay-as-you-go" (тарату жүйелері) қағидаты бойынша қаржыландырылатын жүйелер ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығы және қарттық шақта лайықты зейнетақы төлемдерімен қамсыздандыра алатын жақсы өмір сүру деңгейіне кепілдік бере алмайды деген қорытынды жасалды. Міндет - зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы мен лайықтылығын қамтамасыз ету және зейнетақыны жинақтаушы құрамдаушы есебінен қосымша қаржыландыру үшін қажетті жағдайлар жасау арасындағы теңгерімді табу. Сонымен қатар, елде жастағы жұмысшыларға еңбек қызметін жалғастырауға мүмкіндік беру мемлекеттік зейнетақы жүйелерінің тепе-теңдігін сақтау үшін де маңызды.

Осылайша, есепте "мінсіз" зейнетақы жүйесі - бұл мемлекеттік зейнетақы жүйесі (pay-as-you-go) мен жинақтаушы зейнетақы жүйесі арасындағы дұрыс теңгерім деген қорытынды жасалған. Осы екі құрамдаушыты біріктіретін елдердің демографиялық өзгерістерге және зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді келешектегі тұрақтылығы мен зейнетақы төлемдерінің жеткіліктілігін қамтамасыз етуге дайындығы жақсы болмақ. Алайда, жұмысы тиімді еңбек нарығы кез келген зейнетақы реформасын сәтті іске асыру үшін қажетті шарт болып табылады. Бұл дамушы нарықтардағы ресми жұмыспен қамту үлесінің ұлғаюы және еңбек нарықтарының өндірісі дамыған елдердегі қартайған жұмыс күшінің қажеттіліктеріне бейімделуін білдіреді.

"Сөзден іске өту уақыты" деп аталатын Allianz жаһандық зейнетақы есебі бойынша ақпараттық анықтама мен әлемнің зейнетақы жүйелерін 2025 жылы талдау нәтижелері туралы Allianz есебі мына сілтеме бойынша орналастырылған:

<https://www.epnf.kz/kz/indicators/obzory-mezhdunarodnykh-ekspertov/mezhdunarodny-reitingi/>

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!



